

ҚАБЫЛДАУ

ТҰРҒЫНДАР КӨТЕРГЕН МӘСЕЛЕЛЕР НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАЙДЫ

Дүйсенбі күні аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы жергілікті тұрғындарды жеке сұрақтарымен қабылдады. Бірі жеке бастың мәселесімен келсе, енді бірі елге ортақ мүддені қозғады. Олардың сауалдарына заң шеңберінде тұщымды жауап берілді.

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Қабылдауда тоғызтараулық Арайлым Төретаева жолдасы Т.Токтаров атындағы орта мектептің спорт залында қарауыл болып жұмыс істейтінін, алдағы уақытта штат қысқаруы мүмкін екенін алға тартып, жұмыс сұрай келгенін жеткізсе, асалық Нұржан Қазбеков Рахат ауылында демеушілер есебінен салынған спорт кешенін жер телімімен қоса мемлекет теңгеріміне өткізуге мүдделі екенін айтты. Ал, асалық белсенділер Гүлсім Саурыкова ауылдан ерекше балалар



мен зейнеткерлерге арналған «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығын» ашу, ерекше баласына берілген мемлекеттік тұрғын үйді жекешелендіріп алу бойынша сұрақ қойса, Жәмиля Жайылғанова

ауылдағы көшелер мен аулалардың тазалығына назар аударды.

Өз кезегінде аудан әкімі тұрғындар көтерген мәселелерге мән беріп, жауапты тұлғаларға нақты тапсырмалар жүктеді.

→ 3

СПАРТАКИАДА

ЖАСТАР ЖАРЫСЫП, ҮЗДІКТЕР МАРАПАТТАЛДЫ



Спорт күні ауданымызда кеңінен аталып өтті. Айтулы күнге орай Аса ауылындағы «Бұқаралық спорттық іс-шараларды өткізу орталығында» жастар мен ересектер арасында аудандық спартакиада ұйымдастырылды. Мерекелік шараға арнайы келген аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы сөз сөйлеп, спорт саласында атқарылып жатқан жұмыстарды тілге тиек етті.

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

– Спорт – ұлт денсаулығын нығайтып қана қоймай, елдің мерейін асырып, жас ұрпақты жігерлілікке, тәртіпке және жеңіске ұмтылуға тәрбиелейтін маңызды сала. Ауданымызда қазіргі таңда спортпен

жүйелі түрде шұғылданушылардың саны 21882 адамға жетіп, аудан тұрғындарының 45,3 пайызын құрап отыр. Бүгінде бұқаралық спортты дамытуға, балалар мен жастарды спортқа кеңінен тартуға, спорттық инфрақұрылымды жаңғыртуға баса назар аударылуда.

Жамбыл ауданы республикаға дарынды спортшыларды түлеткен өңір ретінде танымал. Жерлестеріміз

халықаралық ареналардың төрінде еліміздің көк байрағын биікке көтеріп, өңіріміздің абыройын асқақтатып келеді. Биылдың өзінде жамбылдық спортшыларымыз бірқатар айтулы жетістіктерге қол жеткізді. Атап айтқанда, қазақ күресінен Досымжан Тұраш, Аяжан Шәріп Қазақстан Республикасының және Азия чемпионаттарында жеңімпаз атанды. Көкпардан «Әулие-Ата» командасының мүшесі Ернат Мәлімбаев 6 дүркін Қазақстан чемпионы атанды. Мәулен Ержанұлы, Бақдәулет Сейіткадыр Манилада самбо күресінен жастар және жасөспірімдер арасында өткен Азия біріншілігінде топ жарды. Бұл жетістіктер – спортшыларымыздың ғана емес, оларды дайындаған жаттықтырушылардың, спорт ұйымдарының қызметкерлері мен осы салада табанды еңбек етіп жүрген барша мамандардың ортақ еңбегінің нәтижесі.

Бүгінгі спартакиада – тек спорттық бәсеке ғана емес, әріптестік пен достық қарым-қатынасты нығайтып, ұжымдық рухты көтеретін, жастарды спортқа баулып, салауатты өмір салтын ұстануға ынталандыратын маңызды мерекелік шара. Жарысқа қатысушыларға сәттілік тілеймін. Әр команда өз шеберлігін көрсетіп, лайықты нәтижеге қол жеткізсін, – деді өңір басшысы.

→ 8

АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Сегізінші шақырылған Жамбыл аудандық мәслихатының кезектен тыс алпысыншы сессиясы 2026 жылдың 21 тамызында аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залында сағат 11.00-де төмендегідей күн тәртібімен өтеді.

1. «2026-2028 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Жамбыл аудандық мәслихатының 49-2

шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

2. Өртүрлі мәселелер.

Аудандық мәслихаттың біріккен тұрақты комиссия отырысы 2026 жылдың 21 тамызында аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залында сағат 10.00-де өтеді.

Аудандық мәслихат аппараты.

СЕМИНАР

Кеше аудан әкімдігінің мәжіліс залында мемлекеттік қызметшілердің қатысуымен «ҚР Мемлекеттік қызмет заңына енгізілген өзгерістер» тақырыбында семинар-кеңес өтті. Аудан әкімі аппаратының басшысы Самат Селеубаев ашып, жүргізген кеңесте аудан әкімі аппараты персоналды басқару бөлімшесінің басшысы Жансая Оспанова күн тәртібіндегі мәселе бойынша кеңінен баяндады.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ МІНСІЗ БОЛУҒА ТИІС



Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

– Биыл 19 мамырда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» жаңа заңға қол қойды. Бұл құжатты тарихи заң деп айтуға болады. Өйткені ол жаңа Конституция мен қазіргі қоғамның талаптарына сай қабылданып отыр.

→ 7



ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамызСАЙЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ САПАСЫ
КӘСІБИ ДАЯРЛЫҚТАН БАСТАЛАДЫ

2026 жылғы 4-12 тамыз аралығында облыстық аумақтық сайлау комиссиясының ұйымдастыруымен Тараз қаласы мен облыстың барлық аудандарында аумақтық және учаскелік сайлау комиссиялары мүшелеріне арналған біліктілікті арттыруға бағытталған оқыту семинарлары өткізілді.

Оқыту семинарларына облыстық аумақтық сайлау комиссиясының мүшелері, қалалық/аудандық аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының мүшелері, қала/аудан әкімдерінің орынбасарлары, қалалық/аудандық прокуратура өкілдері, қалалық/аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасарлары, қала/аудан әкімдігі бөлімдерінің басшылары, аумақтық сайлау комиссиялары жанынан құрылған жас сайлаушылар клубтарының мүшелері, комиссия мүшелеріне қаралған резервтік құрам және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Оқыту бағдарламасы Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы бекіткен оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылып, сайлау комиссиялары мүшелерінің кәсіби құзыреттерін жетілдіруге, сайлау заңнамасын тәжірибеде тиімді қолдануға және электоралдық процесті ұйымдастырудың заманауи тәсілдерін меңгеруге арналды.

Қазіргі таңда сайлау жүйесінің ашықтығы мен заңдылығын қамтамасыз ету – мемлекеттің демократиялық дамуындағы маңызды міндеттердің бірі. Бұл бағыттағы жұмыстың сапасы ең алдымен сайлау комиссиялары мүшелерінің кәсіби даярлығына байланысты. Сондықтан олардың құқықтық сауаттылығын арттыру, заңнамадағы өзгерістерді меңгеруі және практикалық деңгейлерін жетілдіру – жүйелі түрде жүзеге асырылып келе жатқан маңызды жұмыстардың бірі.

Осы мақсатта ұйымдастырылған оқу семинары облыстың барлық аудандары мен Тараз қаласын қамтып, өз өкілеттіктерін тұрақты кәсіби негізде жүзеге асыратын аумақтық және учаскелік сайлау комиссиялары мүшелерінің қатысуымен өтті. Оқу семинарының бағдарламасы теориялық білім мен тәжірибелік

сабақтарды ұштастырған кешенді форматта ұйымдастырылды.

Семинардың негізгі мақсаты – аумақтық және учаскелік сайлау комиссиялары мүшелерінің кәсіби біліктілігін арттыру, сайлау заңнамасындағы өзгерістерді түсіндіру, құқықтық нормаларды тәжірибеде тиімді қолдану және сайлау процесін ұйымдастырудың барлық кезеңдерінде бірінғай тәжірибені қалыптастыру.

Оқу семинарлары барысында қатысушылар алдымен кіріспе тестілеуден өтіп, бастапқы білім деңгейлерін анықтады. Кейін оқу бағдарламасына сәйкес негізгі дәрістер тыңдалды.

Облыстық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Серғали Айдапкелов «Сайлау заңнамасындағы өзекті өзгерістер мен жаңалықтар» тақырыбында баяндама жасап, конституциялық заңға енгізілген өзгерістердің мазмұнын, олардың тәжірибеде қолданылу ерекшеліктерін және сайлау комиссиялары жұмысына әсерін жан-жақты түсіндірді.

Облыстық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы Әбілқайыр Боранбаев сайлау процесін ұйымдастырудың инфрақұрылымдық қамтамасыз етілуі, материалдық-техникалық дайындық және мүгедектігі бар азаматтардың сайлау құқықтарын қамтамасыз ету мәселелеріне ерекше тоқталды. Бұл тақырып аясында сайлау учаскелерінің қолжетімділігі, инклюзивті орта қалыптастыру және әрбір азаматтың конституциялық құқығын толық іске асыру бағытындағы жұмыстар талқыланды.

Комиссия мүшесі Мерей Амангелді сайлауалды үгіт жүргізудің құқықтық тәртібі, электоралдық кезеңдегі ақпараттық сүйемелдеу мәселелері жөнінде дәріс оқыды. Қатысушылар әлеуметтік желілердегі ақпарат тарату ерекшеліктері, үгіт жүргізудің заңды тетіктері және бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-

қимыл мәселелерін талқылады.

Сайлау күні байқаушылармен, кандидаттардың сенім білдірілген адамдарымен және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен жұмыс жүргізудің құқықтық және ұйымдастырушылық мәселелері жөнінде облыстық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі Мейржан Сембеков баяндама жасап, нақты тәжірибеде кездесетін жағдайларға негізделген мысалдар келтірді.

Комиссия мүшесі Еркін Жапаров сайлау процесінде орын алуы мүмкін құқық бұзушылықтар, олар үшін көзделген жауапкершілік және құқықтық тәуекелдердің алдын алу мәселелерін кеңінен түсіндірді.

Сайлау науқандарын қаржыландыру жөнінде комиссия мүшесі Әсел Қадырбекова дәріс оқып, сайлау қорларын қалыптастыру, қаржылық есептілік жүргізу, заң талаптарын сақтау және қаржылық ашықтық қағидаттары туралы баяндады.

Облыстық аумақтық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Талғат Жамалов дауыс беру тәртібі, бюллетеньдермен жұмыс, дауыс санау рәсімдері және сайлау қорытындыларын анықтау мәселелеріне тоқталды. Қатысушылар нақты жағдайларға негізделген практикалық тапсырмаларды орындап, өз тәжірибелерін жетілдірді.

Семинар бағдарламасының басты ерекшелігі – дәрістердің практикалық тапсырмалармен қатар өткізілуі. Әрбір тақырыптан кейін қатысушылар нақты өмірде кездесуі мүмкін жағдайларды талдап, құқықтық шешім қабылдау жолдарын қарастырды.

Оқыту барысында интерактивті пікірталастар, топтық жұмыстар, практикумдар және өңірлік тәжірибе алмасу форматтары қолданылды. Бұл тәсілдер қатысушылардың белсенділігін арттырып, білімді тәжірибеде қолдануға мүмкіндік берді.

Бағдарлама аясында ұйымдастырылған «Kahoot» платформасы арқылы интеллектуалдық топтық сайыс

қатысушылардың ерекше қызығушылығын тудырды. Интерактивті форматтағы бұл жарыс тыңдаушылардың оқу барысында алған білімдерін бекітіп, командалық жұмыс дағдыларын дамытуға әсер етті.

Семинар соңында барлық қатысушы қорытынды тестілеуден өтіп, оқу барысында меңгерген білімдерін бағалады. Сонымен қатар ұйымдастырушылар қатысушылардан кері байланыс алып, оқу бағдарламасының тиімділігіне талдау жасады.

Оқуды сәтті аяқтаған қатысушыларға белгіленген үлгідегі электрондық сертификаттар табысталды.

Сайлау комиссиялары мүшелерінің кәсіби біліктілігін жүйелі түрде арттыру – еліміздегі демократиялық институттарды нығайтудың, заң үстемдігін қамтамасыз етудің және азаматтардың сайлау құқықтарын қорғаудың маңызды кепілі.

Облыс көлемінде өткізілген бұл семинарлар құқықтық білімді жетілдірумен қатар, тәжірибені дамытуға, сайлау комиссиялары қызметінің сапасын арттыруға және барлық деңгейдегі сайлау науқандарын жоғары ұйымдастырушылық деңгейде өткізуге мүмкіндік береді.

Семинар барысында қатысушылар заңнаманы тәжірибеде қолданудың жаңа тәсілдерін меңгеріп, өңірлерде жинақталған үздік тәжірибелермен танысты. Бұл өз кезегінде комиссия мүшелерінің кәсіби жауапкершілігін арттырып, сайлау процесінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстардың тиімділігін күшейтеді.

Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясы алдағы уақытта да сайлау комиссиялары мүшелерінің кәсіби біліктілігін арттыруға бағытталған оқыту бағдарламаларын тұрақты түрде жалғастыратын болады.

Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясы.

ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз

**Қазақстан Республикасы
Құрылтайының
депутаттарын сайлауда
дауыс беру тәртібі**

**2026 жылғы 23 тамызда
Қазақстан Республикасы
Құрылтайының депутат-
тарын сайлау өтеді.**

Сайлау учаскесінде сол сайлау учаскесіндегі тізімге енгізілген сайлаушылар, сондай-ақ есептен шығару куәліктерін ұсынған адамдар жеке басын куәландыратын құжатын көрсетуі бойынша дауыс бере алады.

Әр сайлаушы жеке дауыс береді.

Сайлау бюллетені жасырын дауыс беруге арналған кабинада өзі жақтап дауыс беретін саяси партия атауының оң жағындағы бос шаршыға не «Бәріне қарсымын» деген жолдағы бос шаршыға белгі қою арқылы толтырылады.

Бюллетеньді өз бетінше толтыруға мүмкіндігі жоқ сайлаушы өзі сенетін және оның тегі дауыс бергеннен кейін сайлаушылардың тізіміне енгізіліп, тұсына сайлаушының бюллетень алғандығы жөнінде қолы қойылатын адамның көмегін пайдалануға хақылы.

Мыналар ондай адам болуға тиіс емес: сайлау комиссиясының мүшесі, жергілікті өкілді немесе атқарушы органның лауазымды адамы, кандидаттың сенім білдірген адамы, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілі, тиісті сайлау комиссиясында тіркелген байқаушы.

Толтырылған бюллетеньді сайлаушы дауыс беруге арналған жәшікке салады.

**Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы.**

ҚҰРЫЛТАЙ
23 августа

**Порядок голосования
на выборах депутатов
Курултая Республики
Казахстан**

**23 августа 2026 года
состоится выборы депутатов
Курултая Республики
Казахстан.**

На избирательном участке голосуют избиратели, включенные в список избирателей на данном избирательном участке, а также лица по открепительному удостоверению по предъявлении документа, удостоверяющего личность.

Каждый избиратель голосует лично. Избирательный бюллетень заполняется в кабине для тайного голосования путем проставления отметки в пустом квадрате справа от наименования политической партии, за которую он голосует, либо в пустом квадрате в строке «Против всех».

Избиратель, не имеющий возможности самостоятельно заполнить бюллетень, вправе воспользоваться помощью лица, которому он доверяет и фамилия которого после голосования заносится в список избирателей рядом с росписью избирателя в получении бюллетеня.

Этим лицом не могут быть: член избирательной комиссии, должностное лицо местного представительного или исполнительного органа, доверенное лицо политической партии, представитель средств массовой информации, наблюдатель, зарегистрированные в соответствующей избирательной комиссии.

Заполненный бюллетень опускается избирателем в урну для голосования.

**Центральная избирательная
комиссия Республики Казахстан.**

АУМАҚТЫҚ ЖӘНЕ УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫ МҮШЕЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН ОҚУ СЕМИНАРЫ ӨТТІ



2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарының сайлауына дайындық аясында аудандық мәдениет үйінде аумақтық және учаскелік сайлау комиссиялары мүшелеріне арналған оқу семинары өтті.

Семинарға облыстық аумақтық сайлау комиссиясының мүшелері, аудандық аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының мүшелері, аудан әкімінің орынбасары, аудандық прокуратура өкілі, аудандық полиция бөлімінің бастығы, аудан әкімдігі бөлімдерінің басшылары, аумақтық сайлау комиссиялары жанынан құрылған жас сайлаушылар клубтарының мүшелері, комиссия мүшелеріне қаралған резервтік құрам және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Оқыту бағдарламасы Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының бекітілген оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылды.

Семинардың негізгі мақсаты – аумақтық және учаскелік сайлау комиссиялары мүшелерінің кәсіби біліктілігін арттыру, сайлау заңнамасындағы өзгерістерді түсіндіру, сайлау процесі кезінде құқықтық нормаларды қолдану.

Оқу семинары барысында тыңдаушылар алдымен кіріспе тестілеуден өтіп, бастапқы білім деңгейлерін анықтады. Содан кейін оқу бағдарламасына сәйкес негізгі дәрістер тыңдалды.

Облыстық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Серғали Айдапкелов «Сайлау заңнамасындағы өзекті өзгерістер мен жаңалықтар» тақырыбында баяндама жасап, конституциялық заңға енгізілген өзгерістердің мазмұнын, олардың жұмыс барысында қолданылу ерекшеліктерін және сайлау комиссияларының өкілеттігі мен мәртебесіне байланысты өзгерістерді жан-жақты баяндады.

Облыстық аумақтық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Талғат Жамалов сайлау процесі инфрақұрылымдарының материалдық-техникалық тұрғыда қамтамасыз етілуі және мүгедектігі бар азаматтардың сайлау құқықтарын қамтамасыз ету мәселелеріне тоқталды. Сонымен қатар дауыс беру тәртібі, бюллетеньдермен

жұмыс, дауыс санау рәсімдері және сайлау қорытындыларын анықтау мәселелерін түсіндіріп, тыңдаушылар практикалық тапсырмалар арқылы өз білімдерін жетілдіруге мүмкіндік алды.

Комиссия мүшесі Мерей Амангелді электоралдық кезеңдегі ақпараттандыру және үгіт-насихат жүргізудің құқықтық тәртібі бойынша дәріс оқыды. Тыңдаушылар әлеуметтік желілердегі ақпарат тарату ерекшеліктері, үгіт жүргізудің заңды тетіктері және бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл мәселелерін талқылады.

Сайлау күні байқаушылармен, кандидаттардың сенім білдірілген адамдарымен және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен жұмыс жүргізудің құқықтық және ұйымдастырушылық мәселелері жөнінде облыстық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі Мейржан Сембеков баяндама жасап, тыңдаушылардың сұрақтарына жауап берді.

Комиссия мүшесі Еркін Жапаров сайлау процесінде орын алуы мүмкін құқық бұзушылықтар, олар үшін көзделген жауапкершілік және құқықтық тәуекелдердің алдын алу мәселелерін кеңінен түсіндірді.

Сайлау науқандарын қаржы-ландыру жөнінде комиссия мүшесі Әсел Қадырбекова дәріс оқып, сайлау қорларын қалыптастыру, қаржылық есептілік жүргізу, заң талаптарын сақтау және қаржылық ашықтық қағидаттарына тоқталды.

Семинар бағдарламасының ерекшелігі теориялық білім мен практикалық жұмыстардың үштасуында болды. Әрбір тақырып бойынша тыңдаушылар сайлауды әзірлеу мен өткізу барысында кездесуі мүмкін жағдайларды талдап, құқықтық шешім қабылдау жолдарын қарастырды.

Сонымен қатар интерактивті пікірталастар, топтық жұмыстар мен практикумдар ұйымдастырылып, тәжірибе алмасуға мүмкіндік жасалды.

Бағдарлама аясында өткізілген «Kahoot» платформасы арқылы интеллектуалдық топтық сайыс тыңдаушылардың ерекше қызығушылығын туғызып, оқу барысында алған білімдерін бекітуге және командалық жұмыс дағдыларын

дамытуға бағытталды.

Оқу семинары барысында тыңдаушылар тарапынан сайлау күні байқаушылармен, кандидаттардың сенім білдірілген адамдарымен және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен өзара іс-қимыл жасаудың құқықтық және ұйымдастырушылық аспектілеріне қатысты бірқатар сұрақтар қойылды. Сонымен қатар электоралдық кезеңде ақпараттандыру мен үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу кезінде әлеуметтік желілерді пайдаланудың ерекшеліктері, үгіт жүргізудің заңнамада көзделген тетіктері, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарымен тиімді өзара іс-қимыл жасау мәселелері бойынша бірқатар сұрақтар қойылды.

Қойылған сұрақтардың барлығына Қазақстан Республикасының қолданыстағы сайлау заңнамасының талаптарына сәйкес жан-жақты түсіндірмелер берілді.

Облыстық сайлау комиссиясының мүшелері сайлау күні байқаушылармен, кандидаттардың сенім білдірілген адамдарымен және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен жұмыс жүргізудің құқықтық және ұйымдастырушылық мәселелері және электоралдық кезеңдегі ақпараттандыру және үгіт-насихат жүргізуде әлеуметтік желілердегі ақпарат тарату ерекшеліктері, үгіт жүргізудің заңды тетіктері және бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша әдістемелік ұсынымдар мен кәсіби кеңестер берді.

Оқыту қорытындысы бойынша тыңдаушылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға және сайлау процесін заң талаптарына сай ұйымдастыруға бағытталған әдістемелік көмек көрсетілді.

Семинар соңында тыңдаушылардан қорытынды тестілеу алынып, оқу барысында меңгерген білім деңгейлері бағаланды. Сонымен қатар ұйымдастырушылар тарапынан кері байланыс алынып, оқу бағдарламасының тиімділігіне талдау жүргізілді.

Оқуды сәтті аяқтаған тыңдаушыларға белгіленген үлгідегі электрондық сертификаттар табысталды.

Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

Соңы. Басы 1-бетте

ДАЙЫНДЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ ЖОСПАРҒА СӘЙКЕС АТҚАРЫЛУДА



– Еламан Ғалымжанұлы, қазіргі таңда сайлау науқанына дайындық деңгейі қандай?

– Қазіргі уақытта бұл жұмыстар бекітілген күнтізбелік жоспарға

сәйкес жүргізілуде. Сайлау учаскелерінің материалдық-техникалық дайындығы тексеріліп, қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді. Сайлаушылар тізімдерін нақтылау, шақыру қағаздарын тарату, сайлау комиссиялары мүшелерін оқыту және түсіндіру жұмыстары жүйелі ұйымдастырылуда. Сонымен қатар сайлау учаскелеріндегі байланыс құралдарының, интернет желісінің және ақпараттық жүйелердің үздіксіз жұмыс істеуіне ерекше назар аударылып отыр. Жалпы, сайлау науқанына дайындық жұмыстары жоспарға сәйкес жүзеге асырылуда.

– Үйде дауыс беру тәртібі сайлаушыларға түсіндіріліп жатқан болар?

– Үйде дауыс беру құқығын пайдалану тәртібі туралы ақпараттандыру жұмыстары учаскелік сайлау комиссиялары тарапынан тұрақты негізде жүргізілуде. Сайлаушыларды аралау барысында денсаулық жағдайына, мүгедектігіне, науқас адамға күтім жасауына немесе өзге де дәлелді себептерге байланысты сайлау учаскесіне келе алмайтын азаматтарға үйде дауыс беру мүмкіндігі түсіндірілуде. Сонымен қатар сайлау комиссиясының мүшелері мұндай азаматтарға өтініш беру тәртібі, өтініштерді қабылдау мерзімдері және дауыс беру күні комиссия мүшелерінің олардың тұрғылықты жеріне келіп дауыс беруді ұйымдастыратыны жөнінде толық ақпарат беруде. Қажет болған жағдайда телефон байланысы арқылы да түсіндіріледі.

Үйде дауыс беру тек сайлаушының жеке өтініші негізінде жүзеге асырылады және бұл рәсім сайлау заңнамасының талаптарына сәйкес ұйымдастырылады. Үйде дауыс беру кезінде дауыс беру құпиясы мен сайлаушының еркін таңдау жасау құқығы толық сақталады.

– Жас сайлаушылардың сайлау процесіне қатысу белсенділігін арттыру мақсатында қандай іс-шаралар қолға алынған?

– Жас сайлаушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру және олардың сайлау процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз ету мақсатында бірқатар ақпараттық-түсіндіру іс-шаралары ұйымдастырылуда. Атап айтсақ, жастармен кездесулер, ашық диалог алаңдары, дөңгелек үстелдер, семинарлар, дәрістер және пікірталас алаңдары өткізілуде.

Сонымен қатар білім беру ұйымдарында сайлау заңнамасының негізгі қағидаттарын түсіндіруге бағытталған кездесулер ұйымдастырылып, алғаш рет дауыс беретін жастармен арнайы жұмыстар жүргізілуде. Әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы сайлаудың маңыздылығы, сайлаушының құқықтары мен міндеттері туралы ақпараттар жариялануда.

«Жастар ресурстық орталығымен», үкіметтік емес ұйымдармен және жастар бірлестіктерімен бірлескен іс-шаралар өткізіліп, жастардың азаматтық белсенділігін арттыруға ерекше көңіл бөлініп отыр. Сондай-ақ, «Жас сайлаушылар» клубтарының жұмысы арқылы жастардың сайлау мәдениетін қалыптастыру және олардың қоғамдық-саяси үдерістерге қызығушылығын арттыруға бағытталған жұмыстар бар.

– Әңгіменізге рақмет.

**Сұхбаттасқан
Нұрасыл СҰЛТАНБАЕВ**

ТҮЛҒА

Елдің кемеңгер ұлы



Уақыт – ұлы төреші. Адамның адамгершілігі мен қасиет-қабілетінің биіктігі оның өз ғұмырында нені арман етіп, қалай өмір сүруімен де көрінетіні рас. КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болған, сіңірген еңбегі арқасында үш мәрте Социалистік Еңбек Ері атанған, техника ғылымдарының докторы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев туралы ойлағанда көз алдыға адал еңбек етіп, адал өмір сүрген, елі үшін аянбай тер төккен, өзі айтқандай, қандай биік қызметтерде жүрсе де өзін халқынан жоғары қоймаған аса кемеңгер, адамгершілігі мол алып тұлғаның бейнесі келеді.

ұрпақ үшін нағыз қазына деп ойлауға болады. Мұндай естелік кітап жазуға баруының өзі елінің болашағын ойлағандығынан болғандығы айқын.

Дінмұхамед Ахметұлы кітабында өзінің ұстаздары жайлы ілтипатпен жазады. «Ұстазы жақсының – ұстанымы жақсы», – дегендей, әлбетте, жасөспірімді оқуға, білімге қызықтыра білу оңай іс емес. Ол нағыз

түседі. Ол кезде Мәскеу мен Алматы арасына поезд 6-7 тәулік жүреді екен. «Алыс жолға шыққан кісінің ермегі – терезеден телміріп, дүниені қызықтау. Оған қуанбасам, өкінбеймін. Жерімнің шетсіз, шексіз екенін көрдім... Сонда-ақ біз тусырап жатқан жер төсін түлететінімізге шүбәсіз сенгенмін», – деп (22-бет) сол шақты еске алады.

Сол жылдары Мәскеу

жылы шілдеде Мәскеу түсті металдар және алтын институтын қызыл дипломмен бітіріп, сол оқу орнының жолдамасымен, жас маман ретінде Қоңырат-Балхаш құрылысына келеді. Еңбек жолы тап осы арадан басталады. Студент кезінде өзі бес айдай өндірістік практикадан өткен бұл жер оны ескі танысындай жылы қарсы алады. Өндіріс жұмыстарына жастық жалынмен

Еліміздегі тау-кен ісінің дамуы, өндіріс орындарының көптеп ашылуы білімді де, зор қайратты да талап еткені шындық. Осынау жұмыстарды ұйымдастырып, іске асыруда Дінмұхамед Ахметұлының атқарған істері ұшан-теңіз. Оның басшылығы кезінде Қазақстан тез дамыды, 43 қала салынып, 68 жұмысшылар кенті пайда болғанын айтсақ та жеткілікті болар.

Қазақстанның сол кездегі астанасы Алматының әлемдегі ең сұлу, көрікті, әлеуметтік құрылымы дамыған қалаға айналуына да зор еңбек сіңірген. Д.Қонаевтың кезінде Алматыдағы Республика сарайы, 25 қабатты «Қазақстан» қонақ үйі бой көтерді, М.Әуезов атындағы академиялық драма театры, Қазақ циркі, Неке сарайы, Ұлттық кітапхана, басқа да көптеген құрылыстар пайдалануға берілгенін де үлкен мақтанышпен айтуға болады.

Д.А.Қонаев еліміздің өндіріс және ауыл шаруашылығын дамытумен бірге білімнің, ғылымның, өнердің, денсаулық сақтау саласының, басқа да салалардың дамуына ұдайы мән берген. Облыс орталықтары да өсе түскен. Алматы қаласындағы «КазГУград» құрылысы да сол жылдары салына бастағанын айта кетуге болады. Сол уақытта еліміздің тамаша өнер және спорт майталмандары да көзге түсті.

Бір сөзбен айтқанда, Дінмұхамед Ахметұлы еліміздің көркеюіне, әлемге танылуына зор еңбек сіңірді. Қазақстанды әлем таныды. Қазақстандық патриотизм көп елдерге үлгі болғаны да белгілі. Адамдардың адал еңбекке, достыққа ұмтылуы, татулықты сақтауға бейілдігі сол кезеңнен келе жатқан игі дәстүр деп айтуға болады. Адамды өсіретін оның еңбексүйгіштігі екендігіне халық сенімі арта түсті.

Әйтсе де, Д.Қонаевтың елге сіңірген еңбегі, жақсы дәстүрлері жайлы қазіргі уақытта аз жазылуда. Ұлт кемеңгері туралы неғұрлым көбірек зерттеліп, көбірек жазылса жөн болар еді деп ойлаймыз. Бұл істе, әсіресе, қазіргі уақытта ол кісіні көрген, білетін адамдар әлі де баршылық кезінде жазылуы жөн болар еді деген ой келеді.

Д.А.Қонаев халықты адамгершілікке, шындықты бағыл айтуға, дәстүрлерді сақтауға, мейірімді болуға үйретті, осы бағытқа бар күш-жігерін жұмсады.

Бар кезде де елімен бір болды, еліне адалдығын сөзімен де, ісімен де дәлелдей алды. Ол кісінің еңбектерін зерттеу орталықтарын ашса да, артық болмас еді деген де ойымыз бар.

Еліміздің аяулы перзенті Дінмұхамед Қонаев 1993 жылы 22 тамызда дүниеден озды. Елі үшін көп еңбек сіңіріп, ізгі істерін қалдырған оның аяулы есімі өз елімен бірге жасай береді.

Еліміздің кемеңгер ұлы Дінмұхамед Ахметұлы туралы сөз таусылмақ емес.

Байтанағали ТӨЛЕНТАЕВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі, Д.А.Қонаев
атындағы Халықаралық
қордың аудандық
бөлімшесінің төрағасы.

Халықта топырағына тартып туған деген де сөз бар. «Көре-көре көсем боласың, сөйлей-сөйлей шешен боласың», – дейді халық мақалы. Д.А.Қонаевтың еңбегіне яки өмір жолына мән берген адам, ең алдымен, оның жақсы, тәлімді ұяда туып-өскенін байқар еді. Жас кезінен білім іздеп, қиындық кездесе, төзіп, әрбір уақытта тиянақтылық таныта білген жастың өмірге талпынысы, құштарлығы зор болғаны анық. Білім алып, елімнің кәдесіне жарасам деген абзал азаматтар қатарлы алдына айқын мақсат қойып, сол орайда ол бар күш-қайратын жұмсап еңбек еткен. Өндірісте тер төгіп, тәжірибе жинай жүріп, өз мамандығының қыр-сырларын – тау-кен өндіру ісі құпияларын жетік білуге мән берген. Еңбексүйгіш жасқа айналасы да жақсы қараған. Кейін, аса жауапты қызметтер атқарған шақтарында да жақсы ұяда алған тәлімін, қарапайымдылық, ізденгіштік, биіктерге ұмтылу секілді қасиеттерін жоғалтпаған. Керісінше, осындай игі қасиеттерін арттыра түсіп, рухани жағынан өскен. Білім, өнер, денсаулық сақтау – өмірдің барлық жастарына бірдей көңіл бөлу дағдысы бойына жас кезінен сіңген сияқты.

Дінмұхамед Ахметұлы жайлы әңгіме болғанда оның еліміз үшін жұмсаған күш-қайраты, жеткен жетістіктері жөнінде көбірек, ұзағырақ айтқын келеді. Зор білімділік, адамгершілік, тазалық, іскерлік секілді асыл қасиеттерді бойына қалай жинай алған деп ойлайсың. Сөзіне сендіре білетіні, көрегенділігі, мұқтаж адамдарға қамқорлық жасауға дайын тұратындығы да жас кезінен-ақ бойында болғандай.

Қарапайым инженерліктен ел басқаруға дейінгі биіктерге көтерілген аяулы тұлғаның атқарған істерін айтып тауысу мүмкін емес. Ол өзін халқының бір перзенті санады, елінің жағдайы мен мүмкіндіктерін терең түсініп, ел экономикасын дамытуда аянбай қызмет етті. Оның жас кезінен осындай сеніммен өмір сүргендігін өзінің жазған кітаптарынан, кездесулерде айтқан сөздерінен оқып-білуге болады. Әрине, көпті көріп, көп елдерді аралап, бойына зор тәлім жинаған белгілі тұлғалардың мұндай игілікті іске – естелік кітап жазуға баруы да құптарлық, кемеңгерлік көрінісі секілді. Дінмұхамед Ахметұлының әрбір сөзі мен ойлары өскелең жас



ұстаздардың ғана қолынан келсе керек. Сол сияқты, институтта білім, тәлім берген ұстаздары жайлы да мақтанышпен айтады. Талапты жас елдің Ауыр өнеркәсіп халық комиссариаты Балхаш мыс балқыту комбинатын салу жөнінде шешім шығарғандығын жас кезінен біліп, сонда еңбек етуді ойлаған. Оның енді салынатын өндіріс орнында еңбек етуді көздеуі де талабының жоғары болғанын көрсетсе керек.

Жалпы, Дінмұхамед Ахметұлының өмірінің алғашқы кезеңдерінің өзі де тәлімге, өнегеге толы. Дінмұхамед Ахметұлы: «Біз Верный қаласының Сарқант көшесінде Иванов дегеннің (Үлкен станицадағы) үйінде тұратын едік. Мен сол үйде 1912 жылы қаңтардың 12 жұлдызында туыппын», – деп (Дінмұхамед Қонаев, «Ақиқаттан аттауға болмайды», Алматы, 2021, 16-бет) өзінің қай жерде өмірге келгенінен хабар береді. Кейін әкесі жеке үй салғанын да жазады. Ол көше бұрын Вокзал көшесі делініп, басқаша да аталып, кейін «Коммунистік даңғыл» аталған, қазір Абылай хан даңғылы деп аталады екен.

Алматыдағы Чернышевский атындағы №19 мектепте 4 жыл оқып, онан соң №14 мектепте білім алады. 1931 жылы Қазақстан өлкелік комсомол комитетінің жолдамасымен Мәскеу түсті металдар институтына оқуға

қаласында қай жердегі жатақханада тұрғанына дейін ұмытпағаны таң қалдырады. Мұның өзі жас жігіттің сол кезеңнен-ақ аса ұқыпты, сергек ойлы болған-ау деген ойға жетелейді. Жоғары оқу орнында дәріс берген ұстаздары жайлы да асқан кішіпейлдікпен айтып, сол кездегі оқу орнындағы жағдайлар жайлы да айтып өтеді. Айта кету керек, Мәскеуде оқыған жылдарында көптеген қаламгерлерді, мәдениет, өнер қайраткерлерін көргендері жайлы да сыр шертіпті. «Мен Мәскеуде оқып жүрген тұста мәдениет университеттері деп аталатын шаралар өткізіліп тұратын. Әрбір демалыс сайын студенттер алдында еліміздің аса көрнекті тұлғалары: жазушылар, әртістер, оқымыстылар сөз сөйлейтін. Біздерге, болашақ тау-кен инженерлері үшін іздесең таппайтын мұндай кездесулерден асқан мереке жоқ еді», – дейді (23-бет). Сол жылдары атакты режиссер А.Тайров, КСРО Халық әртісі, актер В.Качалов, әнші, сахна көркі болған Л.Русланова, тағы басқаларын көріп, сөздерін тыңдағандарын, олардың сөздері жастарға жақсы әсер етіп, өмірге талпындыра түскендігі жайлы да айтады. Әрине, әрі білімді, әрі рухани бай, өмірге құштарлығы мол жастан жақсы маман шықпауы мүмкін емес.

Дінмұхамед Ахметұлы 1936

араласады. Осы қызметі уақытпен бірге әрі қарай жалғаса берген. Бұл кезең жайлы Дінмұхамед Ахметұлы өз кітабында: «Мен Орталық Қазақстанда еліміздің аса қуатты мыс өнеркәсібінің, кейін кенді Алтайда қорғасын-мырыш өндіріс ошағының бой көтеріп, қанат жаюына үлес қосқан алғашқылардың бірі болғанымды мақтаныш етемін», – деп (27-бет) жазады.

Білімді, тәрбиелі жас жұмысқа кірер кезінде де ғажап кішіпейлділік танытқан. Жобалау бөліміне аға инженерлік қызметке ұсынылған екен. Білімі жетіп тұр. Бірақ, көңілі тәкаппарлықтан ада жас маман басшыларға өзінің әлі жас екенін, өндірісті терең білгісі келетінін айтып, қатардағы инженерлік жұмысқа жіберуді сұрайды. Сөйтіп, өндіріс басшылығы жас маманды Бұрғылау цехының бастығы А.Бугаев деген кісінің қарамағына жібереді. Оған карьер жұмысын жете меңгеруге кеңес береді. Дінмұхамед Ахметұлы осылайша алғашқы қызметіне тұрарда да қарапайымдылық көрсете білген. Сол тәжірибесі арада көп жыл өткен соң, Медеу мұз айдыны орнын әзірлеуде де кәдеге асыпты.

Иә, өмірінің 45 жылға жуығын ел басқару ісіне жұмсаған Д.А.Қонаевтың осындай тағылымды өмір жолы жайлы айтудың өзі көңілге серпін береді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ҚЫЗМЕТ ЕТЕМІН!

АНТЫНА АДАЛ ОФИЦЕР



Нұрасыл СҰЛТАНБАЕВ

Әскери адамның өмірі сырт көзге бірқалыпты көрінуі мүмкін. Бірақ оның әр күні тәртіппен, жауапкершілікпен және сертке адалдықпен өріледі. Қайрат Ноқанұлының ширек ғасырға жуық еңбек жолына көз жүгірткенде осы қасиеттердің барлығы анық байқалады.

1981 жылдың 28 қазанында батырлардың мекені – Жамбыл облысының Жуалы ауданында дүниеге келген Қайрат Ноқанұлы еңбекқорлық пен қарапайымдылықты жастайынан бойына сіңіріп өсті. Елге қызмет ету – әр азаматтың қасиетті борышы деген ұғымды ата-анасының тәрбиесінен санасына тоқып өскен ол кейін Тараз мемлекеттік университетінде жоғары білім алады. Алайда оның жүрегі әскери қызметті қалады. Себебі ел тыныштығын қорғаудан асқан мәртебе жоқ екенін ерте ұқты.

2000 жылы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі қатарында мерзімді әскери борышын өтеуге аттанған жас сарбаз үшін бұл өмірдің жаңа мектебі болды. Әскер оған төзімділікті, тәртіпті, жауапкершілікті ғана емес, адамды тануды, қиындыққа мойымауды үйретті. Мерзімді қызмет аяқталған соң азаматтық өмірге бет бұрудың орнына әскери қызметті өмірлік жолы ретінде тандап, келісімшарт негізінде қатарда қалды.

Қызметін Тараз қаласындағы 2035 әскери бөлімінде коменданттық ротаның аға атқышы болып бастаған ол адал еңбегімен, табандылығымен көзге түсті. Бір жылдан кейін бөлімше командирі болып тағайындалса, кейін ұзақ жылдар бойы коменданттық ротаның старшинасы қызметін атқарды. Бұл жылдар Қайрат Ноқанұлы үшін тәжірибе жинақтап, нағыз әскери маман ретінде қалыптасқан кезең болды.

«Еңбек түбі – береке» дейді халқымыз. Оның қызмет жолындағы әрбір жоғарылау лауазым емес, сенімнің белгісі еді. 2005 жылы Алматы қаласындағы 2021 әскери бөлімінің прапорщиктерді даярлау дивизионында білімін жетілдіріп, сол жылы ҰҚК Шекара қызметі директорының бұйрығымен прапорщик әскери атағын алды. Бұл оның кәсіби деңгейінің өскенін айқындаған маңызды белес болды.

Кейін коменданттық ротаның взвод командирі, күзет тобының офицері қызметтерінде шыңдалды. 2022 жылы Қазақстан Республикасы ҰҚК Төрағасының

«Ердің ісі – елге мұра, ұрпаққа ұран». Халқымыздың осы бір қанатты сөзі ел қорғауды өмірлік мұрат еткен азаматтарға арналып айтылғандай. Тәуелсіздіктің тұғыры – тыныштық болса, тыныштықтың тірегі – мемлекеттік шекараның беріктігі. Ал шекараның қырағы күзеті – өз антына адал, ел мүддесін бәрінен биік қоятын офицерлердің еңбегі. Осындай азаматтардың бірі – Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі Жамбыл облысы бойынша департаменті Жамбыл ауданы бойынша Шекара басқармасы тәрбиелік, идеологиялық және кадрлық жұмыстар бөлімінің аға офицері, аға лейтенант Қайрат Байтіков.

бұйрығымен алғашқы офицерлік әскери атақ, яғни лейтенант шені берілді. Ал бұл сенімнің артында жиырма жылдан астам уақыт бойы мінсіз атқарылған еңбек жатқан еді.

2023-2024 жылдары Жамбыл ауданы бойынша Шекара басқармасына қарасты «Шөлдала» шекара бөлімшесі бастығының орынбасары болып қызмет атқарған Қайрат Ноқанұлы ұйымдастырушылық қабілетімен, талапшылығымен және адамгершілік қасиетімен ерекшеленді. Бүгінде тәрбиелік, идеологиялық және кадрлық жұмыстар бөлімінің аға офицері ретінде жас шекарашылардың бойына патриоттық рухты сіңіріп, әскери тәртіптің сақталуына, ұжымдағы ауызбіршіліктің нығаюына еңбек етіп келеді.

Тәрбие – әскери қызметтің өзегі. Себебі қару ұстауды үйрету

Сонымен қатар офицер «Мінсіз қызметі үшін» I, II және III дәрежелі медальдарының, «Ұлттық қауіпсіздік қалқаны» I, II және III дәрежелі медальдарының иегері. Ал биылғы жылдың сәуір айында Қазақстан Республикасы ҰҚК Төрағасының бұйрығымен «Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ардагері» медалімен марапатталуы – көп жылғы мінсіз қызметтің заңды жемісі.

Дегенмен, Қайрат Ноқанұлы үшін ең үлкен марапат – елдің тыныштығы мен халықтың сенімі. Әскери адам үшін халықтың алғысы кез келген марапаттан қымбат.

Қызметтен тыс өмірде ол – өнегелі әке, қамқор жар. Жұбайымен бірге төрт бала тәрбиелеп отырған офицер отбасында да әскери өмірдегі басты қағидаларды ұстанады. Балаларына адалдықты, еңбекқорлықты, үлкенді



онай болғанымен, Отанды шын жүректен сүюді қалыптастыру үлкен жауапкершілікті талап етеді. Қайрат Ноқанұлы осы жауапкершілікті терең сезінеді. Әріптестері оның қарапайым мінезін, әділдігін және адаммен тіл табыса білетін қасиетін ерекше бағалайды. Жас сарбаздар үшін ол тек басшы ғана емес, ақыл-кеңесін аямайтын тәлімгер.

«Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар» дейді дана халқымыз. Қайрат Байтіковтің адал еңбегі де елеусіз қалған жоқ. Ол әскери бөлім командирінің, Жамбыл ауданы бойынша Шекара басқармасы бастығының, Жамбыл облысы бойынша департамент бастығының және ҰҚК Шекара қызметі директорының атынан бірнеше мәрте Алғыс хаттар мен Құрмет грамоталарына ие болды. 2017 жылы Жамбыл облысы әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталуы – оның есегінің өңір деңгейінде де лайықты бағаланғанының дәлелі.

құрметтеуді, Отанды сүюді үйретуді өмірлік парызы санайды.

Қазақта «Туған жердің түтіні де ыстық» деген сөз бар. Сол туған жердің әр қарыс топырағын қорғау – әрбір шекарашының қасиетті міндеті. Бұл міндетті абыроймен атқарып келе жатқан Қайрат Ноқанұлының еңбек жолы кейінгі буын әскери қызметшілер үшін үлкен өнеге.

Елдің тыныштығы – көзге көрінбейтін мыңдаған әскери қызметшінің адал еңбегінің нәтижесі. Олар мерекеде де, демалыста да, түнде де, күндіз де өз қызметінен жаңылмайды. Өйткені олардың жүрегінде бір ғана ұғым бар. Ол – Отан.

«Батыр туса – ел ырысы, жанбыр жауса – жер ырысы» дейді халық даналығы. Еліне адал қызмет етуді өмірінің басты мақсатына айналдырған Қайрат Байтіков секілді азаматтар барда мемлекеттік шекараның беріктігі де, елдің ертеңіне деген сенім де нығая түсері анық.

БӘРЕКЕЛДІ!

Отбасы – қоғамның алтын діңгегі, ел болашағының берік негізі. Ұрпақ тәрбиесі, ата-анаға құрмет, өзара сыйластық пен жауапкершілік сынды құндылықтар әр шаңырақтың берекесін арттырып қана қоймай, тұтас қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Осы орайда отбасылық құндылықтарды дәріптеу, Конституцияның маңызын кеңінен насихаттау және азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында «Отбасылық құндылықтар және Конституция» республикалық конкурсының облыстық кезеңі ұйымдастырылды.

Тәжібаевтар отбасы жүлделі орын иеленді



Шұғыла АҚШАБАЙ

Байқау Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Қазақстан Республикасы Конституциясын түсіндіру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес өткізілді. Негізгі мақсат – Конституцияда бекітілген отбасы, неке, ата-ана мен бала құқығының маңызын түсіндірумен қатар, қоғамдағы отбасы институтының мәртебесін арттыру, өнегелі отбасылардың тәжірибесін көпшілікке үлгі ету.

Салтанатты іс-шара еліміздің Әнұранымен ашылды. Жиында сөз алған облыс әкімдігі жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының міндетін атқарушы Самат Түрегелдиев қатысушыларды байқаудың облыстық кезеңінің өтуімен құттықтап, отбасы құндылықтарының қоғамдағы орнына тоқталды.

– Отбасы – адам өміріндегі ең маңызды құндылықтардың бірі. Мемлекетіміздің басты байлығы – елдің болашағы болатын ұрпақ. Ал ұрпақтың тәрбиесі ең алдымен отбасынан басталады. Сондықтан отбасындағы өзара сыйластықты, үлкенге құрмет пен кішіге ізетті дәріптеу – баршамызға ортақ міндет. Осындай байқаулар өнегелі отбасыларды насихаттап қана қоймай, олардың өмірлік тәжірибесін жас ұрпаққа үлгі етуге мүмкіндік береді, – деді Самат Болатұлы.

Ал облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Еркінбек Солтыбаев отбасы тәрбиесінің маңыздылығы және жастарға бағыт-бағдар беруде аға

буынның тәжірибесі ерекше екенін айтып, ақжарма тілегін арнады.

– Қазақ халқы қашанда шаңырақтың қасиетін биік қойған. «Отан отбасынан басталады» деген сөздің өзінде үлкен мән бар. Отбасындағы тәрбие, ата-ананың өнегесі мен ұрпаққа көрсеткен үлгісі елдің ертеңіне тікелей әсер етеді. Бүгінгі байқауға қатысып отырған әр отбасы өздерінің береке-бірлігімен, салт-дәстүрге деген құрметімен көпке үлгі бола білді, – деді Еркінбек Бейсенбекұлы.

Шараға облыс әкімдігінің басқармалары мен мекемелерінің өкілдері, ардагерлер, қоғамдық ұйым мүшелері, білім беру саласының мамандары, қалалық және аудандық «Отбасын қолдау орталықтарының» қызметкерлері, аудандық кезеңдердің жеңімпаз отбасылары, көпбалалы отбасылар мен жастар қатысты. Байқау барысында қатысушы отбасылар өздерінің отбасылық дәстүрлерін, ұлттық құндылықтарға деген құрметін, ұрпақ тәрбиесіндегі өзіндік тәжірибесін таныстырып, Конституцияда белгіленген отбасы институтының маңызын шығармашылық тұрғыда жеткізді.

Байқаудың қорытынды бөлімінде үздік нәтиже көрсеткен отбасылар марапатталды. Осы ретте айта кететін жайт, аудан намысын абыроймен қорғаған Тәжібаевтар отбасы III орынға ие болды.

Жүлделі орындарға ие болған қатысушыларға дипломдар мен бағалы сыйлықтар табысталды. Сонымен қатар байқауға белсенді қатысып, ұйымдастырылған іс-шараға өз үлесін қосқан азаматтарға Алғыс хаттар мен ынталандыру сыйлықтары табыс етілді.

ДІНІН ТҰРСЫН ДІН АМАН

Жүзлі адамзатқа арналған дін

Ислам – барлық дінге құрметпен қарайтын дін. Әсіресе, яһуди, христиан дініндегілерге аса ілтипат көрсетіп, оларды «Кітап иелері» деп атайды. Осы диалог көп уақыттан бері Исламның дінаралық келісім жағында екенін білдіріп, достық, ынтымақ, бірлік жолында қызмет атқарып келеді. Бейбітшілік, татулық, қарым-қатынас пен көркем достық, жақсылық пен өзара жәрдемдесу секілді игілікті істердің барлығы да Ислам діні насихатының негізі. Өйткені, Ислам – иман құндылығын бағалайтын күллі адамзатқа арналған дін. Сондықтан Ислам дінінің өз ұстанымы, көзқарасы, менталитеті, ерекшелігі бар.

Біріншіден, мұсылман өзге дін өкілдерін, тіпті дінсізді де «кәпірсің» деп ренжітпейді. Алайда, оның күпірлігіне разы да болмайды. Дінімізде күпір іске разы болу күпірлік саналады.

Екіншіден, мұсылман емес адам Алланы ызаландыратын амал жасаса, мұсылман оған ашуланады, ашу, ызамен қарайды. Дегенмен мұсылмандарда жақсы көру немесе ашулану сезімі тек Алла үшін ғана болуы тиіс. Хазіреті Әли (р.а.) бірде бір кәпірді жерге құлатып салады. Кәпір құлап бара жатып Әлидің бетіне түкіріп жібереді. Қылышымен оны турап тастағалы тұрған Әли (р.а.) бірден райынан қайтып, кәпірді өлтірмеді. Соңынан әлгі кәпір Әлиге арнайы келіп: «Жаным қиналмай тез шықсын деп мен сенің бетіне түкірген едім. Ал сен мені өлтіруден бас тарттың. Соның себебін сұрай келдім», – дейді. Сонда Әли (р.а.): «Мен саған Алла үшін ашуланатын тұрған едім. Кенет бетіме түкірген кезде ашуым Алла үшін емес, өзімнің нәпсім үшін бола қалды. Сондықтан өзім үшін ашуланып соққы беру күнә болады деп райымнан қайттым», – деген екен. Міне, осы оқиғадан кейін әлгі кәпір боп жүрген кісі Ислам дінін қабылдаған екен.

Үшіншіден, Ислам діні олармен, яғни өзге дін өкілімен мәмілеміз дұрыс, маңызды болуын, қарым қатынасымыз ынсапты, әділ, тура болғанын қалайды. Егер арамызда соғыс болып жатпаса, сыйлық жасап, қарым-қатынасты нығайта беру керек деп ескертеді. Құранда: «Алла Тағала сендермен дін жайында соғыспаған және жұрттарыңнан шығармағандарға жақсылық жасауға, әділ



болуларына тыйым салмайды. Расында, Алла Тағала әділдікті жақсы көреді» («Мұмтахина» сүресі, 8-аят) дейді.

Төртіншіден, мұсылман өзге дін өкіліне толық сеніп, сүйеніп те қалмайды. Құранда: «Аллаға және акырет күніне иман келтірген бір елдің – Аллаға, оның елшісіне қарсы келгендерді дос санайтынын көрмейсің...» («Мужадәлә» сүресі, 22-аят) деген. Демек, Ислам өзге діндегілермен жақсы қарым-қатынаста болуды құптағанымен, олардан сәк болуды да ескертеді. Мұсылман мұсылманмен дос болғанындай, кәпір мен мұсылман арасында ондай деңгейде қарым-қатынас болмайды.

Бесіншіден, «Кітап иелері» дайындаған тағамдарды жеуге болады (әрине, дінімізде халал саналған болса), сыйлықтары қабылданады. Құранда: «...Кітап иелерінің дайындаған тағамы, (бауыздағаны да) халал етілді» («Мәида» сүресі, 5-аят) делінген.

Бірде Мәдина қаласында бір яһуди Пайғамбарымызды (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) үйіне тамаққа шақырғаны айтылады. Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) оның шақыруын қабыл етіп, үйіне қонаққа барады. Алдына әкелген тағамнан дәм ауыз тиеді.

Алтыншыдан, мұсылман әйелдің кәпірге күйеуге шығуына рұқсат жоқ. Яғни мұсылман емес жанға қыздарымызды некелеп бермейміз. Ондай некеге Ислам діні түбегейлі қатаң тыйым салады. Ал мұсылман қызға үйлену үшін Ислам дініне кіру керек.

Қасиетті Құранда: «(Мұсылман) әйелдің, оларға (кәпірлер ер кісіге некесі) халал емес, олар (кәпір ер кісінің) бұларға (мұсылман әйелдерге некесі) халал емес» («Мұмтахина» сүресі, 10 аят), – дейді. Ал мұсылман ер кісілерге кәпірлердің ішінде тек кітап иелерінің қыздарын некелеп алуға болады. Бұл туралы Құранның «Мәида» сүресінің 5-аятында: «Мүміндерден абыройлы әйелдермен және сендерден бұрын кітап берілгендерден (христиан, яһуди) де абыройлы әйелдермен мәһірлерін беріп, бой суытушы, астыртын көңілде болмай үйленулерің халал етілді», – деп келеді.

Ислам дінінің тұжырымы бойынша дінаралық үн қатысу – Алла Тағаланың әмірі, Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сүннеті. Сүйікті пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қай кезде де Құранның әміріне бойұсынып, кітап иелерімен тығыз байланыста болып, үнемі үн қатысып отырды. Оның христиандармен диалогы алғаш рет өзіне Жаратушыдан уахи келген сәттен-ақ басталған болатын. Өйткені Мұхаммедтің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбарлығын алғашқы болып растаған Урақа ибн Науфал деген христиан ғұламасы еді. Ол – Мұхаммедке Мұса мен Иса пайғамбарларға (ғ.с.) Жәбірейіл періште арқылы Алла Тағаланың уахи хабары түскені секілді уахидің келе бастағанын түсінген алғашқы адам.

Меккеде алғашқы мұсылмандарды мүшріктер өз елінен қуып, үйінен көшіріп жіберіп, қатты жәбір көрсеткенде, қиналған мұсылмандарды Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) кітап иелері христиандардың елі Эфиопияға шығарып салды. Пайғамбарымыз оларға: «Эфиопияға қоныс аударындар. Өйткені сол елді басқарған патша туралы жақсы ойдамын. Оның құдайы мен біздің құдайымыз бір ғана Алла. Біздің дініміз бен оның дінінің ортақ сенімдері көп. Ол патшаның жерінде ешкім сендерге зұлымдық көрсетпес. Ол жер дұрыс және сенімді өлке.

Алла елде жеңілдік бергенге дейін сол жерде қалындар», – деп бұйырды. Тіпті, сол христиан патшасынан көмек сұрап хат та жаздырып жіберді. Уақыты келіп, Пайғамбарымыз Хабастаннан Мәдинаға келген христиандарды өзінің үйіне қонаққа шақырады.

«Бұлар кезінде Эфиопияға паналап барған мұсылмандарды құрмет тұтқан. Сондықтан бұлар біздің үйде қонақ болады» деп оларды өз үйінде қонақ етіп, құрмет көрсеткен. Мәдинаға көшіп келгеннен кейін де Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) христиандармен диалогы арта түскен. Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) христиан мемлекеттері болып тұрған Мысыр патшасы және Рим императорына хат жазып, ортақ тіл табысуға шақырды. Сонымен қатар, христиан дінбасыларына да хат жолдап, ақиқат дін Исламға шақырды.

Бұлардың ішінде ең назар аударарлық диалог Хақ елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) најрандық христиандармен үнқатысуы еді. Ислам барша адамзатқа әділдікті үлгі, зұлымдықты харам етеді. Өзара жәрдем беру, мейірімді де рахымды, бауырмашыл болу – оның ұлық тәлімдерінен. Ислам діні ақыл мен парасатты жоғары қоя отырып, өзгенің де ой-пікіріне құрметпен қарайды. Адамды бір ғана сенімге арқандап, оған қатаң көзқарастарды таңбайды, оған ешкімді мәжбүрлемейді. Құран Кәрімде: «Дінде зорлық жоқ» («Бақара» сүресі, 256-аят) делінген. Бұл – дініміздің ұстанымы, адамзатқа көрсеткен жолы, Алла Тағаланың нығметін кәдірлеу, саликалы мақсат қоюына көмектесу деп бағамдаймыз.

Иеміз әлемдегі барлық іс-шаралардың ақ қарасын ажыратып бергеннен кейін адам баласының қай жолды таңдауын өз еркіне салады. Әрине, Алла Тағаланың барша адамзаттың бір ғана сенім-нанымна ұйытып қоюына құдіреті жетеді. Бірақ, Ол адамзатқа өзі жаратқан басқа мақұлықтарына бермеген ақыл ой, сана бостандығын бергендіктен, үлкен сеніммен еркіне жібереді. Бұл тұрғыда Алла Тағала: «Сен адамдарды мұсылман болуға күштеп көндіремін деп ойлайсың ба? Жоқ, жер бетіндегі адамдар тек Алла Тағаланың бұйрығы болса ғана түгел мұсылман болады» («Юнус» сүресі, 99-аят) дейді.

Исламды жаппай қабылдау тек бір Алланың қалауында. Жаратушымыз адам баласын жалпы қай дінде болсын, өзара мәмілемен бейбіт өмір сүруге міндеттейді. Дін – саналы адамдарды, өз еркі және қалауымен қайырлы, игі істерге жетелейтін құдіретті күшті Жаратушының заңы. Дін – тәрбие, бақытқа жетелейтін, Иман мен Хақ заңдарын қамтитын тура жол. Дін – сүйіспеншілік, құрмет. Дін – сенім, ғибадат, дұға. Дін – адамзат, отбасы, қоғамды дамытып, үйлестіруші күш. Асыл дініміздің ұлағатты да тәрбиелі қағидаларынан дінаралық татулық пен үйлесімнің адамзат атаулының алдында киелі борыш екенін ескерсек, сол киелі борышымызды әр саналы азамат тиесілі дәрежеде атқарса, қоғамымыздың тыныш та бейбіт ғұмыр кешетініне күмәніміз жоқ.

Олай болса, осы татулық пен ізгілік жолында Ұлы Жаратушымыз біздерге имандылық пен тақуалықты, береке-бірлік пен өркендеуді нәсіп етсін!

Дәурен ҚҰТТЫБАЕВ,
аудандық «Бәйдібек»
мешітінің бас имамы.

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ЖОЮ – МІНДЕТ

Мемлекетіміздің тұрақты дамуы мен халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайтудың басты шарттарының бірі – сыбайлас жемқорлықтың алдын алу. Бұл бағыттағы жұмыстар әрбір мемлекеттік мекеменің күнделікті қызметінің ажырамас бөлігіне айналуы тиіс.

Аудан әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі халыққа әлеуметтік қолдау көрсету,

ІНДЕТКЕ ҚАРСЫ КҮРЕС ТОҚТАМАЙДЫ

жұмыспен қамту шараларын ұйымдастыру, мемлекеттік әлеуметтік қызметтерді сапалы ұсыну бағытында жұмыс жүргізеді. Сондықтан бөлім қызметінде ашықтық, әділдік және заң талаптарын қатаң сақтау басты қағидат ретінде айқындалған.

Бүгінде бөлімде келеңсіз құбылыстың алдын алу мақсатында бірқатар жүйелі жұмыстар жүзеге асырылуда. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде заңдылықтың сақталуына,

азаматтардың өтініштері уақтылы әрі сапалы қаралуына ерекше көңіл бөлінеді. Сонымен қатар, қызметкерлер арасында ғасыр дертіне қарсы заңнаманың талаптарын түсіндіру, әдеп нормаларын сақтау, мүдделер қақтығысына жол бермеу мәселелері бойынша тұрақты түрде түсіндіру жұмыстары жүргізіліп келеді.

Мемлекеттік қызметші үшін кәсібилікпен қатар адалдық пен жауапкершілік те аса маңызды. Әрбір қызметкер өзіне жүктелген

міндетті адал атқарып, халықтың сеніміне селкеу түсіретін кез келген әрекеттен аулақ болуы қажет. Бұл – мемлекеттік қызметтің басты қағидаларының бірі.

Әлеуметтік дертпен күрес тек құқық қорғау органдарының немесе мемлекеттік мекемелердің ғана міндеті емес. Оған бүкіл қоғам болып атсалысқанда ғана нақты нәтижеге қол жеткізуге болады. Азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру, заң талаптарын құрметтеу және

жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік қағидадан қалыптастыру – ортақ міндет.

Алдағы уақытта да бөлім жергілікті халыққа көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыра отырып, ашықтық пен жариялылық қағидаларын берік ұстанып, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыра береді.

Әйгерім ШЫНТАСОВА,
аудан әкімдігі жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің сектор меңгерушісі.



НЕГІЗГІ МАҚСАТ – УЧАСКЕЛІК КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІНІҢ КӘСІБИ ДАЙЫНДЫҒЫН АРТТЫРУ

Жуырда сайлау комиссияларының мүшелеріне арналған оқыту семинары өтті. Семинар Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 1 шілдедегі №1338 Жарлығына сәйкес 2026 жылғы 23 тамызда өтетін Қазақстан Республикасы Құрылтайының сайлауына дайындық аясында ұйымдастырылды.

Шараға аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының мүшелері, аудан әкімі аппаратының басшысы, прокуратура мен полиция қызметкерлері, жас сайлаушылар клубының мүшелері және БАҚ өкілдері қатысты.

Негізгі мақсат – учаскелік комиссия мүшелерінің кәсіби дайындығын арттыру. Семинар барысында сайлау процесін ұйымдастыру, заңнаманы тиімді қолдану, қатысушылармен өзара әрекеттесу мәселелері қарастырылды, сондай-ақ заманауи электоралдық тәжірибелер мен нақты жағдайлар (кейстер) талданды.

Жиынды аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Еламан Алпысбаев ашып, қатысушыларға бағдарламаны таныстырды. Дәрістер



аясында мынадай маңызды тақырыптар қамтылды:

- сайлау комиссиялары қызметінің ұйымдастырылуы және мүгедектігі бар азаматтардың сайлау құқықтарын қамтамасыз ету;
- дауыс беру орны мен уақыты туралы хабарламаларды тарату және шақыру қағаздарын есепке алу;
- дауыс беру құқығын растайтын құжаттарды беру мен есепке алу алгоритмі;

– дауыс беруді ұйымдастыру, нәтижелерді анықтау және сайлау құжаттарымен жұмыс істеу;

– сайлау процесіндегі жауапкершілік пен жаңартылған сайлау заңнамасының ерекшеліктері.

Аудандық прокуратура және полиция бөлімінің мамандары өз кезегінде «Сайлау науқанын құқықтық сүйемелдеу» және «Сайлау комиссиялары мен ішкі істер органдарының бірлескен іс-қимыл алгоритмі» тақырыптарында баяндама жасады.

Оқыту процесінде комиссия мүшелері дәріскерлерге сайлау науқанында туындауы мүмкін әртүрлі жағдайларға қатысты сұрақтар қойып, барлық сұраққа тиісті түсініктемелер берілді. Сонымен қатар практикалық бөлім ретінде кейстік тапсырмалар талқыланды.

Қызығушылықты арттыру мақсатында Kahoot платформасы арқылы телешоу форматындағы интеллектуалдық викторина ұйымдастырылды. Семинар соңында қатысушылардың білімін тексеру үшін семинар тақырыптарына сәйкес тестілеу жүргізілді. Бұл оқу барысында меңгерілген білім мен дағдыларды бекітуге бағытталды.

Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.



САУЛЫҚ – САҚТЫҚТА

200 гектар жер залалсыздандырылды

Жаз айларында табиғат аясында демалу, мал бағу, шөп шабу, жайылымда жүру көбейген сайын кенеден келетін қауіп те арта түседі. Әсіресе ауылдық жерлерде кененің таралуына себеп көп. Кенелер дала мен мал қоралардың ішінде, қора - жайлардың маңында, шөп пен сабан арасында да кездесуі мүмкін. Сондықтан кене шағуының алдын алу әрбір тұрғынның денсаулығы үшін маңызды.

Мақсат ЖҰМАБАЕВ



Жамбыл облысы бойынша «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК филиалы Жамбыл аудандық бөлімшесінің дезинсекциялық бригадасы дүйсенбі күні Өрнек ауылдық округінде Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының алдын алу мақсатында залалсыздандыру жұмыстарын жүргізді.

Жалпы аумағы 200 гектар жер өңделді. Оның ішінде



119,9 гектар жазық аумақ «Дельтаметрин», ал 80,1 гектар аумақ «Фаворит» препаратымен залалсыздандырылды.

Жүргізілген жұмыстардың негізгі мақсаты – Конго-Қырым геморрагиялық қызбасын тасымалдаушы зиянкестердің таралуын болдырмау және тұрғындардың санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Дезинсекциялық шаралар инфекцияның алдын алып, елді мекен аумағында қауіпсіз санитариялық жағдай қалыптастыруға бағытталған.

– Кене – адам мен жануарлардың қанымен

қоректенетін паразит. Оның қауіптілігі – шағуында ғана емес, түрлі инфекциялық ауруларды, соның ішінде Конго-Қырым геморрагиялық қызбасын тасымалдауында. Кене малдың жүніне жабысып, бір жерден екінші жерге таралуы мүмкін. Сондықтан мал қораларын таза ұстау, қора маңындағы шөп-шаламды уақтылы тазалау, малды кенеге қарсы өңдеу шараларын жүргізу аса маңызды.

Ауыл тұрғындары жайылымға, егістікке немесе шөпті жерлерге шыққанда жабық киім киіп, шалбардың балағын шұлықтың ішіне салғаны дұрыс. Ашық түсті



киім кене жұққан жағдайда оны тез байқауға мүмкіндік береді. Табиғаттан немесе жайылымнан келген соң киім-кешекті, денені, әсіресе қолтық, шап, мойын, құлақ маңын мұқият тексеру қажет. Бүгін сараптама орталығының мамандары қауіпті аймаққа жататын Өрнек ауылының айналасына арнайы техникамен залалсыздандыру жұмыстарын жүргізді. Бәрі ойдағыдай, белгіленген аумаққа дәрілеріміз жетеді, – дейді мекеме басшысы Әсел Байбекқызы.

Кенені денеден байқаған жағдайда оны жалаң қолмен жұлуға, жаншуға немесе май,

спирт және басқа заттар жағуға болмайды. Кенені дұрыс әрі қауіпсіз түрде алып тастау үшін медицина қызметкеріне жүгінген жөн. Кене шаққан адам өз денсаулығына жауапкершілікпен қарап, жағдайын бақылап, қажетті медициналық көмекке уақтылы жүгінуі керек.

Төрт түлікті өсірумен айналысатын азаматтар да сақтық шараларын ұмытпағаны абзал. Мал қорасына кіргенде арнайы киім мен қолғап кию, малды тексеру, қора-жайды жүйелі түрде тазалау және залалсыздандыру – кененің таралу қаупін азайтудың тиімді жолдарының бірі.

Соңы. Басы 1-бетте

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ МІНСІЗ БОЛУҒА ТИІС

Бұл – тәуелсіздік жылдарында қабылданып отырған төртінші заң. Бұған дейінгі заңдар өз кезеңінің талаптарына сай мемлекеттік қызмет жүйесінің қалыптасуына ықпал етсе, жаңа құжат қазіргі конституциялық реформалар мен қоғам сұранысына негізделген. Қай кезде де қабылданған «Мемлекеттік қызмет туралы» заңдар, оған байланысты уәкілетті органдардың шығарған құқықтық-нормативтік актілері өте маңызды рөл атқарды.

Бұрынғыға қарағанда жаңа заңның ауқымы кең. Бұрынғы заңда 69 бап болса, жаңа заң 90 баптан тұрады. Көптеген ұғымның мазмұны ашылған. Мәселен, 8-баптың атауы – «Қазақстандық патриотизм». Бұрынғы заңда бұл ұғым бірауыз сөзбен ғана айтылып өтсе, жаңа заңда жеке бап ретінде бекітілген. Осы бапта мемлекеттік қызмет дегеніміз лауазымдық міндеттерді адал орындаудан, халыққа қызмет етуден, ел мүддесіне нұқсан келтіретін іс-әрекеттердің жолын кесуден тұратыны айқын көрсетілген. Заңда мемлекеттік қызметшінің ел мүддесіне адал қызмет ету қағидаты күшейтілген.

Конституция негізінде үлкен жаңалықтарды енгізіп тұрған жаңа заң аясында талаптар да күшейтіліп отыр. Заң бюрократиялық кедергілерді азайтуға, азаматтардың өтініштеріне жедел жауап беру тетіктерін күшейтуге бағытталған. Сондай-ақ бұл заң аясында мемлекеттік қызметте жүрген адамдардың дәрежесін көтеру, оны жақсы жағынан көрсету мәселелері де көзделген.

Жаңа заң халыққа қызмет көрсетуге негізделген. Сондай-ақ мемлекеттік органдар мен қызметшілердің халыққа ашық болу мәселесі де жеке баппен реттелген. Мемлекеттік қызметшілерге арналған жаңа мүмкіндіктер мен кадр саясаты жолға қойылған. Кадр саясаты – мемлекеттік қызметке кіруден бастап, соның ішінде өсу, елдік міндеттерді абыроймен атқару. Жаңа заң аясында басқа да тетіктер қамтылған, – деген Жансая Жолтайқызы мемлекеттік қызметшіге қолданылатын тәртіптік шаралар туралы да түсіндіріп айтты.

Семинарда қатысушылар тақырып төңірегінде ой бөлісіп, өзара пікір алмасты.

Соңы. Басы 1-бетте

ЖАСТАР ЖАРЫСЫП, ҮЗДІКТЕР МАРАПАТТАЛДЫ



Келесі кезекте сөз алған аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Бақыт Сырлыбаев жергілікті тұрғындар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруда, бұқаралық

Азия чемпионы Бакдәулет Сейітқадыр, казак күресінен ел чемпионы Досымжан Тұраш, көкпардан 6 дүркін Қазақстан чемпионы Ернат Мәлімбаев, казак күресінен ел чемпионы

тасын көтеру, арқан тарту, волейбол, асық ату, үлкен футбол секілді спорт түрлері бойынша сынға түсті. 13 ауылдық округтен 300-ге жуық әуесқой спортшы бәсі биік бәсекеде бақ сынады.

Нәтижесінде, асық атудан Шоқай ауылының командасы чемпион болса, арқан тартудан Ш.Ниязбеков ауылының құрамасы жеңімпаз атанды. Гір тасын көтеруден айшабибілік Бакберген Бергенбайға тең келер ешкім болмады. Қол күресінен қыздар арасында асалық Меруерт Орынбасар бірінші орын алса, ерлер арасында бірлесулік Әлім Жақсылық үздік шықты. Волейбол турнирінде «Бұқаралық спорт командасы» жеңіске жетсе, теңбіл доп додасында Айшабибі ауылының құрамасы топ жарды.

Соңынан жеңімпаздар мен жүлдегерлерге диплом мен медальдар және кубоктар берілсе, үздіктерге арнайы статустық мен бағалы сыйлықтар табыс етілді.



спортты дамытуда спорт негізгі рөл атқаратынын, спортпен шұғылданған адамның дені сау болатынын айтып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Мемлекеттік Әнұранның орындалуымен ашылған спартакиадада әуелі спорт саласына еңбек сіңірген азаматтар, байрақты бәсекелерде көк Туымызды көкке желбіреткен жас жеңімпаз спортшылар марапатталды. Олардың қатарында самбо күресінен жастар арасында Азия чемпионы Мәулен Ержанұлы, дзюдо күресінен жасөспірімдер арасында екі дүркін ел чемпионы Аяла Амангелді, қол күресінен Әлем кубогінің қола жүлдегері Нұртаза Бітан, самбодан Азия чемпионы Жамбыл Тілеген, жауынгерлік самбодан

Аяжан Шәріп болды.

«Бұқаралық спорттық іс-шараларды өткізу орталығы» ұйымдастырған жарыста жастар мен ересектер қол күрес, бір



«ОҚЫ LIKE» ЖОБАСЫ

Аудандық орталық кітапханада «Оқы Like» жобасы аясында «Ойды өзгертетін кітаптар» атты тағылымды подкаст ұйымдастырылды. Кітап оқуға деген қызығушылықты арттырып, оқырманның ой-пікірін еркін жеткізуіне мүмкіндік берген басқосуға Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Нұржан Әліш, аудандық «Отбасын қолдау орталығының» психологі Динара Калиева, Техникалық шығармашылық және кәсіби бағдар беру орталығының психологі Жансая Оразымбетова, кітапхананың жас оқырманы Жібек Реймбай және өзге де кітапсүйер қауым қатысты.

Ойды өзгертетін кітаптар

Шұғыла АҚШАБАЙ



Шараны қызмет көрсету бөлімінің кітапханашысы Ақдана Құрымбаева ашып, жүргізді.

Еркін пікір алмасу форматында өткен жиында қатысушылар өздері оқыған шығармалары жайында ой бөлісіп, кітаптағы кейіпкерлердің іс-әрекетіне талдау жасады. Әр шығарманың адам өміріне берер тағылымы мен тәрбиелік мәнін саралап, оқырмандар өздеріне ерекше әсер қалдырған кітаптарды көпшілікке ұсынды.

Кітап – адам ойын кемелдендіріп, дүниетанымын кеңейтетін рухани қазына. Осы орайда кездесу барысында кітап оқудың тұлғалық

дамуға әсері, жақсы шығарманың адамға ой салып, өмірге деген көзқарасын өзгерте алатыны жөнінде мазмұнды пікірлер айтылды.

Шара аясында «Жақсы кітап – жан азығы» атты ашық кітап көрмесі ұйымдастырылып, әртүрлі жанрдағы тағылымды әдебиеттер оқырман назарына ұсынылды. Сонымен қатар «Кітап – адам өмірін өзгертетін күш» атты слайд көрсетіліп, кітаптың адам өміріндегі орны тағы бір мәрте айшықталды.

Мағыналы кездесудің түйіні – жақсы кітаптың адам санасына сәуле түсіріп, жүрекке ой ұялатағын рухани күш екендігін ұғындыру. Осындай тағылымды басқосулар оқырманның кітапқа деген ықыласын арттырып қана қоймай, оқу мәдениетін қалыптастыруға да оң ықпал етеді.



ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ

МӘМС жүйесіндегі мәртебені қалай тексеруге болады?

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына азаматтардан МӘМС жүйесіндегі сақтандыру мәртебесін қалай тексеруге және «сақтандырылған» мәртебесін қалай алуға болатыны жөнінде күн сайын көптеген сұрақ келіп түседі.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры хабарлағандай, «сақтандырылған» мәртебесі жүйеге келіп түскен жарналар мен аударымдар негізінде автоматты түрде беріледі.

МӘМС жүйесіндегі сақтандыру мәртебесі соңғы 12 айдағы төлемдердің үздіксіз болуына байланысты. Егер азамат үшін бір ай бойы жарна немесе аударым төленбесе, оның «сақтандырылған» мәртебесі өзгеруі мүмкін. Бұл өз кезегінде МӘМС жүйесі аясында көрсетілетін медициналық көмекті алу мүмкіндігіне әсер етеді.

Сондықтан азаматтарға өздерінің сақтандыру мәртебесін тұрақты түрде тексеріп отыру ұсынылады. Мәртебені бірнеше тәсілмен тексеруге болады. Атап айтқанда, eGov.kz электрондық үкімет порталының жеке кабинеті арқылы МӘМС жүйесіндегі

мәртебе мен аударылған жарналар туралы ақпарат алуға болады. Сонымен қатар мәртебені Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының msqgy.kz ресми сайты, Telegram мессенджеріндегі SaqtandyruBot, Qoldau 24/7 және Damumed мобильді қосымшалары, сондай-ақ екінші деңгейлі банктердің мобильді қосымшалары арқылы тексеруге мүмкіндік бар.

Сақтандыру мәртебесін алдын ала тексеру азаматтарға МӘМС жүйесі аясындағы медициналық көмекті алу кезінде туындауы мүмкін мәселелердің алдын алуға және қажетті төлемдердің уақтылы жүргізілуін бақылауға мүмкіндік береді.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының» Жамбыл облысы бойынша филиалы.

Меншік иесі:
«Шұғыла-Радуга» газеті
редакциясы» ЖШС

Директор:
Айман ТЛЕУКЕЕВА

Бас редактор:
Нұрасыл СҰЛТАНБАЕВ

Қабылдау бөлмесі: 2-17-98

Бас редактормен тікелей
байланыс: 87765549701

Бас редактордың
орынбасары:

Жауапты хатшы:

Тілші:

Дизайнер-теруші:

Бас редактордың

орынбасары:

Тілшілер:

Мақсат ЖҰМАБАЕВ

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Шұғыла АҚШАБАЙ

Ғалия АЛИЕВА

2-20-24

2-13-44

87059774177

87474240395

87770284244

87075853423

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде
07.10.2021 жылы қайта тіркелген.
Тіркеу куәлігі №КЗ87VPY00041240

Редакция авторлардың көзқарасы,
жарнама мазмұны үшін жауап
бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап
қайтарылмайды.

Газет «Шұғыла-Радуга» газеті
редакциясында компьютерде теріліп,
беттелген. Қалыбы «Қанатты қалам
әлемі» ЖШС-нде жасалып, көбейтілді.
080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі 36 Б.

Таралымы 1998 Тапсырыс №625

Нөмірдің кезекшісі: Мақсат ЖҰМАБАЕВ

Газет аптасына 2 рет,
сәрсенбі, жұма күндері
шығады.
Газета выходит 2 раза в
неделю, в среду и в пятницу.

Индекс: 68991

Электронды пошта:
sugyla@bk.ru

Біздің мекенжайымыз:
Индексі 080200, Аса ауылы,
Абай көшесі 78-үй.